**Жауапкершілігі шектеулі серіктестік**
**“TLEKZHAN&K ”**
**“Смайлик” бөбекжайы**

**Товарищество с ограниченной ответственностью**
**“TLEKZHAN&K ”**
**ясли-сад “Смайлик”**

**БҰЙРЫҚ №16**
**2025 ж. 01 қыркүйек айы**
**Орал қаласы.**

**ПРИКАЗ №16**
**01 сентября 2025 г.**
**город Уральск.**

**«Кеңес беру пунктінің 2025-2026 оқу жылындағы жұмысы туралы»**

«Білім туралы» ҚР Заңына және Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) әдістемелік, психологиялық-педагогикалық, диагностикалық және консультациялық көмек көрсетуді жүйелі ұйымдастыру мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылында «Смайлик» бөбекжайының базасында мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған кеңес беру пункті өз жұмысын жалғастырсын.
2. 2025-2026 оқу жылына педагогтердің мына құрамы бекітілсін:

Меңгеруші А.Е.Хасанова
Тәрбиеші Г.М.Адилханова
Тәрбиеші М.Ә.Бисекешова
Тәрбиеші А.С.Габдушева
Педагог-психолог Т.М.Кузнецова
Логопед Г.Г.Савичева
Медбике З.А.Жакупова

3.Кеңес беру пунктінің жұмысын үйлестіру және жалпы басшылық жасау бөбекжай әдіскеріне жүктелсін.
4.Кеңес беру пунктінің 2025-2026 оқу жылындағы «Смайлик» бөбекжайы мен ата-аналар қоғамының өзара іс-қимыл бойынша жұмыс кестесі бекітілсін.
5.2025-2026 оқу жылына арналған кеңес беру пунктінің жұмыс жоспары бекітілсін.
6.Кеңес беру пунктінің жұмысы туралы ақпаратты бөбекжай сайтына жариялап, ата-аналар бұрышына ілінсін.
7. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

**Негіздеме:** Ұйым қажеттілігі.

**TLEKZHAN&K» ЖШС**
**«Смайлик» бөбекжайының меңгерушісінің м.а.** ________ **Хасанова А.Е.**
М.О

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАТ. ҚАЗ. ОБЛ. ОРАЛ ҚАЛАСЫ ТОО «Tlekzhan & K» ЖШС СМАЙЛИК БӨБЕКЖАЙЫ ҚҰЖАТТАР ҮШІН ДЛЯ ДОКУМЕНТОВ БСН/БИН 210440010546 РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН ЗАП.-КАЗ. ОБЛ. Г. УРАЛЬСК

**Таныстырылды:**

Тәрбиеші Г.М.Адилханова;
Тәрбиеші М.Ә.Бисекешова.;
Тәрбиеші А.С.Габдушева;

Логопед Г.Г.Савичева
Медбике З.А.Жакупова
Педагог-психолог Т.М.Кузнецова.

Бекітемін
ЖШС «Tlekzhan&K» «Смайлик»
бөбекжайының меңгеруші м.а
А.Е.Хасанова

**ЖШС «Tlekzhan&K» «Смайлик» бөбекжайының мектепке дейінгі білімімен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттің жұмыс жоспары 2025-2026 оқу жылы**

| Тақырыбы | Мазмұны | Жұмыс түрі | Консультант маман |
|---|---|---|---|
| «Жас ерекшелік дамуы және алғашқы қадамдар» | - Ерте жастағы балалардың психологиялық даму көрсеткіштері.<br>- «Үй жағдайында баланың даму деңгейін қалай анықтауға болады?» тақырыбында кеңес | Практикалық жұмыс, ұсынымдар, әңгімелесу | Әдіскер, тәрбиеші |
| «Үйдегі күн тәртібі – бала тыныштығының кепілі» | - «Үй жағдайында балаға күн тәртібін қалай үйрету керек?» тақырыбында кеңес.<br>- Баланың ұйқы, тамақтану және ойын уақытын жүйелеу әдістері. | Кеңес беру, практикалық ұсынымдар | Әдіскер, барлық бөбекжай педагогтары |
| «Баланың эмоциялық әлемі» | - «Баланың эмоцияларын қалай түсінуге және дамытуға болады?» кеңесі.<br>- Баланың қорқынышымен, қырсықтығымен және агрессиясымен жұмыс істеу жолдары. | Кеңес, ұсынымдар, психологиялық тренинг | Педагог-психолог |
| «Ата-аналарға арналған психологиялық экспресс-диагностика» | - «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамасы.<br>- Отбасындағы тәрбие стилін анықтау және қателіктерді түзету жұмыстары | Сауалнама, кері байланыс | Әдіскер |
| «Қол моторикасы және шығармашылық» | - «Баланың есте сақтау қабілетін дамыту жолдары».... - Қарапайым сурет салу, бояу және саусақ ойындары арқылы ми белсенділігін арттыру. | Практикалық жұмыс, кеңес беру | Логопед |
| «Қысқы демалысты қызықты өткізу» | - «Қыстың күні көңілді» ойын-сауығы: үйде ұйымдастыруға болатын қозғалыс ойындары.<br>- Балаларға арналған мерекелік үйдегі шығармашылық тапсырмалар | Кеңес беру, ата-аналарға арналған ұсынымдар | Әдіскер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| «Отбасылық құндылықтар мен ұлаттық ойындар» | - «Ханталапай» ұлттық ойынын үйде ойнау әдістері.<br>- Асық ату, арқан тартыс сияқты ойындар арқылы баланы ептілікке баулу. | Ата-аналар мен балалардың практикалық әрекеті | Тәрбиеші |
| «Шынықсаң – шымыр боласың» | - «Үйде баланың дене тәрбиесімен айналысу әдістері».<br>- Бала мен ата-ана бірге орындай алатын қарапайым спорттық жаттығулар кешені. | Кеңес беру Ата-аналарға арналған ұсынымдар | Педагог – психолог, әдіскер |
| «Баланың сөздік қорын байыту» | - «Менің отбасым» тақырыбында баламен бірге әңгіме құрастыру.<br>- «Баланың сөйлеу дағдыларын дамыту үшін қандай кітаптарды оқу керек?» кеңесі. | Кеңес беру, практикалық ұсынымдар | Әдіскер, тәрбиеші |
| «Сандық технологиялар тәрбие құралы ретінде» | - «Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасының мүмкіндіктері.<br>- Қосымшадағы трекерлер мен күнделікті пайдалы жаттығуларды үй жағдайында қолдану. | Түсіндіру жұмыстары, кеңес беру | Меңгеруші, әдіскер, барлық бөбекжай педагогтары |